

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер
«Шинхан Финанс» Микроқаржы ұйымы»
Қатысушылардың Жалпы жиналысының Шешімімен
қазақ және орыс тілдерінде
2024 жылдың «20» желтоқсанында №10 хаттама
БЕКІТІЛДІ

**«ШИНХАН ФИНАНС» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
МИКРОКРЕДИТТЕРДІ БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы 2024 ж.

Мазмұны

1-тарау.	Жалпы ережелер.....	3
2-тарау.	Клиенттің микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарастыру тәртібі	5
3-тарау.	Шарт жасасу тәртібі	7
4-тарау.	Шекті сомалар және микрокредиттерді беру мерзімдері	7
5-тарау.	Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары	8
6-тарау.	Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақыны төлеу тәртібі және микрокредиттерді өтеу әдістері	8
7-тарау.	Қабылданатын қамсыздандыруға қойылатын талаптар.....	9
8-тарау.	Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу ережелері	10
9-тарау.	Микрокредиттер бойынша жоспардан тыс төлемдерді салу тәртібі	12
10-тарау.	Қарыз алушыларға / Қосалқы қарыз алушыларға/Кепілгерлерге/Кепіл берушілерге қойылатын талаптар	12
11-тарау.	Микрокредитті беруден бас тарту үшін негіздемелер	12
12-тарау.	Микрокредитті беру құпиясы.....	14
13-тарау.	Қарызгерлердің өтініштерін қарастыру тәртібі.....	16
14-тарау.	Төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты шараларды қолдану туралы шешім қабылдау және төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралар	16
15-тарау.	Қорытынды ережелер.....	17
	<i>№1 Қосымша</i>	18

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Шинхан Финанс» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттерді беру ережелері (бұдан былай –Ережелер) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы №56-V Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан былай - МҚҚ туралы ҚР Заңы), Республиканың қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне, «Шинхан Финанс» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан былай – МҚҰ) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және МҚҰ микрокредиттер беру тәртібі мен негізгі талаптарын анықтайды.
- 1.2. Осы Ережелер микрокредиттерді беру бойынша МҚҰ операцияларды жүргізуін, соның ішінде микрокредитті алуға Қарыз алушының өтініш беру тәртібін, оны МҚҰ қарастыру тәртібін, сонымен қатар микрокредитті беру туралы шартты жасасу тәртібін (бұдан былай – Шарт) және кейін оны өтеу және қызмет көрсету тәртібін анықтауды регламенттеу мақсатында әзірленген.
- 1.3. Осы Ережелер ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық құпияның нысаны бола алмайды. Осы Ережелердің көшірмесі МҚҰ ресми интернет-ресурсында орналастырылады: <https://shinhanfinance.kz>, сондай-ақ МҚҰ бөлімшелерінде және Дилерлердің сату нүктелерінде Қарыз алушының (Өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін.

Осы Ережелер қазақ және орыс тілдерінде дайындалған. Қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалары арасында әртүрлі оқылу болған жағдайда, орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.
- 1.4. МҚҰ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, осы Ережелерге және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қамтамасыз ете отырып немесе қамтамасыз етпей, жеке және заңды тұлғаларға (бұдан былай – Қарыз алушы/Қарыз алушылар) микрокредиттер беру бойынша қызметті жүзеге асырады.
- 1.5. МҚҰ ұлттық валютада – теңгемен, ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында, сондай-ақ МҚҰ қалауы бойынша, қамтамасыз ету және мақсатты пайдалану шарттарында микрокредиттер беруді жүзеге асырады.
- 1.6. МФҚ туралы ҚР Заңының 21-бабына сәйкес МҚҰ микрокредит беру құпиясына кепілдік береді, ол МФҚ туралы ҚР Заңында және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде мұндай ұсыну және (немесе) жария ету көзделген жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушылар туралы, микрокредиттердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге де талаптары туралы және МҚҰ операциялары туралы мәліметтерді қамтиды.
- 1.7. МҚҰ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңының 7-бабына және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асырады.
- 1.8. МҚҰ қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 28 тамыздағы №191-IV Заңына (бұдан былай – ҚР КЖІҚ/ТҚ туралы Заңы) сәйкес мәліметтерді хабарлайды.

1.9. Осы Ережелерде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:

- 1) **Дилер** – көлік құралдарын сату бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;
- 2) **Өтініш беруші** - МҚҰ-ға микрокредит алуға өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;
- 3) **Қарыз алушы** – МҚҰ-мен Шартқа қол қойған, микрокредит алған және алынған ақшаны қайтару бойынша міндеттемелерді және алынған микрокредитті, оның ішінде сыйақыны және микрокредит бойынша басқа да төлемдерді толық төлеуді өзіне қабылдаған жеке немесе заңды тұлға;
- 4) **Клиент** - Өтініш беруші және/немесе Қарыз алушы (контекстке байланысты);
- 5) **Кепілгер** – Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауы үшін Қарыз алушымен толық ынтымақтаса жауап беретін жеке немесе заңды тұлға;
- 6) **Микрокредит** – МҚҰ-ға, Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында МФҚ туралы ҚР Заңында айқындалған мөлшерде және тәртіппен берілетін ақша;
- 7) **Шарт** – микрокредит беру туралы Шарт;
- 8) **Негізгі борыш** – Шартқа сәйкес Қарыз алушыға берілетін микрокредит сомасы;
- 9) **Сыйақы** – МҚҰ тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен микрокредит сомасына пайыздық мәнде айқындалған берілген Микрокредит үшін төлем;
- 10) **Аннуитеттік төлемдер әдісі** – Микрокредитті өтеу әдісі, онда ол бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылатын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақы бойынша азайтылатын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін;
- 11) **Сараланған төлемдер әдісі** – микрокредитті өтеу әдісі, онда ол бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылады;
- 12) **Кредит маманы** – міндеттеріне консультация беру, Өтініш берушіден құжаттарды қабылдау, алдын ала талдау және МҚҰ уәкілетті тұлғасына/МҚҰ уәкілетті органына шешім қабылдау үшін микрокредит алуға құжаттар топтамасын ұсыну, Шарт жасасқанға дейін мәмілені сүйемелдеу және қажет болған жағдайда Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін шарттар кіретін МҚҰ қызметкері;
- 13) **Микрокредитті толық мерзімінен бұрын өтеу** – Қарыз алушының МҚҰ алдындағы берешегін толық көлемде өтеуі, соның ішінде Негізгі борышты, ол бойынша есептелген Сыйақыны, өсімпұлдар мен айыппұлдарды өтеуі;
- 14) **МҚҰ өкілі** – сенімхат және/немесе өзге құжат негізінде Қарыз алушылардан құжаттарды қабылдауға, МҚҰ атынан Шартқа қол қоюға, Қарыз алушыларға өтеу кестелерін беруге, сондай-ақ сенімхатта және/немесе өзге құжатта көзделген басқа да әрекеттерді жасауға МҚҰ уәкілеттік берген жеке тұлға. МҚҰ өкілі Дилердің ғимаратында / үй-жайында орналасқан;
- 15) **Микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеу** – Қарыз алушы Микрокредит бойынша негізгі борыштың бір бөлігін ғана және кезеңге есептелген Сыйақыны ғана өтейтін өтем;

- 16) **МҚҰ уәкілетті тұлғасы** – өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде және МҚҰ бекітілген өкімдік және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Микрокредит беру/бас тарту туралы шешім қабылдайтын МҚҰ қызметкері;
- 17) **МҚҰ уәкілетті органы** – өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде және МҚҰ бекітілген өкімдік және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Микрокредит беру/бас тарту туралы шешім қабылдайтын МҚҰ алқалы органы.
- 18) Осы Ережелерде пайдаланылатын және осы Ережелердің 1.9-тармағында көрсетілмеген басқа да терминдер мен қысқартулар Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мәндерге сәйкес айқындалады.

2. КЛИЕНТТІҢ МИКРОКРЕДИТ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАСТЫРУ ТӘРТІБІ

- 2.1. Өтініш беруші алғаш рет жүгінген кезде Кредит маманы / Дилер микрокредиттерді беру түрлері мен шарттары бойынша алдын ала консультация өткізеді – МҚҰ бөлімшелерінде немесе Дилердің бизнес орнында офлайн; МҚҰ қашықтық арнасы арқылы онлайн – Байланыс орталығы +7 727 355 25 50, +7 700 355 2550 (чат-бот).
 Өтініш берушіге Микрокредит берілуі мүмкін шарттар бойынша алдын ала консультация беріледі. Сондай-ақ, Өтініш беруші микрокредит алу туралы мәліметтерді алады, атап айтқанда:
 - Өтініш берушіні осы Ережелермен таныстыру;
 - МҚҰ Микрокредит беру шарттары мен тәртібі туралы;
 - Өтініш берушінің (Қарыз алушының) Микрокредит алуға байланысты құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі туралы;
 - Микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер мен аударымдар туралы;
 - Микрокредит беру құпиясы туралы;
 - Микрокредит алуға байланысты өзге де мәліметтер.
- 2.2. Өтініш беруші микрокредит алуға мүдделі болған жағдайда, Кредит маманы / Дилер оған шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесін ұсынады.
- 2.3. Өтініш беруші микрокредит алуға мүдделі болған жағдайда, консультация алғаннан кейін Өтініш беруші өз қолымен қол қою және Кредит маманына немесе Дилерге ұсыну жолымен МҚҰ бекіткен нысан бойынша Микрокредит алуға өтініш-сауалнаманы толтыра алады.
- 2.4. Өтініш беруші Микрокредит алуға арналған сауалнама-өтінішке осы Ережелерге №1 Қосымшаға сәйкес тиісті құжаттарды қоса береді.
- 2.5. МҚҰ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қажетті қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.
- 2.6. Микрокредит алуға өтініш-сауалнамаға қол қоя отырып, Өтініш беруші осы Ережелермен танысқанын және келісетінін растайды және ол ұсынған деректердің дұрыстығы мен сенімділігін куәландырады.

- 2.7. Алынған мәліметтер негізінде МҚҰ төлем қабілеттілігін бағалауды, борыштық жүктеме коэффициентін, Қарыз алушының кірісіне қарыздың коэффициентін есептеуді жүргізеді және ҚР Заңнамасының талаптарына сәйкес Микрокредит сомасын есептейді.
- 2.8. Микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін МҚҰ Қарыз алушының кредиттік есебінде микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу туралы ақпараттың болуын тексеруді жүзеге асырады. Қарыз алушының кредиттік есебінде микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу туралы ақпарат болған жағдайда, МҚҰ микрокредит беруден бас тартады.
- 2.9. Микроқаржы ұйымының «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте соттан тыс банкроттық рәсімінің немесе сот банкроттығы рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап Қазақстан Республикасының азаматына микрокредит беруге, сондай-ақ осындай адамдардан бес жыл ішінде микрокредит беру туралы шарттар бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түрінде қамсыздандыруды қабылдауға құқылы емес.
- 2.10. Өтініш беруші Өтініш берушіні қаржыландыру туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттардың толық тізбесін ұсынған жағдайда өтініш МҚҰ уәкілетті органының қарауына шығарылады.
- 2.11. МҚҰ уәкілетті органы микрокредит беру туралы түпкілікті шешім қабылдайды, оның микрокредит беру не беруден бас тарту туралы шешімі Өтініш берушінің назарына жеткізіледі. МҚҰ Өтініш берушіге себептерін түсіндірмей микрокредит беруден бас тартуға құқылы.
- 2.12. МҚҰ Өтініш берушіге Микрокредит беруден бас тартуға немесе Микрокредит сомасын, мерзімін және берудің басқа да шарттарын олар МҚҰ критерийлеріне және Қарыз алушының төлем қабілеттілігі жөніндегі мүмкіндіктеріне және Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарына сәйкес келетіндей етіп өзгертуді ұсынуға құқылы.
Осы Ережелерде, МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының ережелерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарында көзделген құжаттар тізбесі ұсынылмаған немесе ұсынылған жағдайда МҚҰ Микрокредит беруден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
- 2.13. МҚҰ Өтініш берушіні Микрокредит беру немесе Микрокредит беруден бас тарту туралы қабылданған шешім туралы кез келген қолжетімді тәсілмен, оның ішінде Дилер арқылы, телефон қонырауы, электрондық пошта, Микрокредит алуға арналған сауалнама-өтініште көрсетілген нөмірге немесе WhatsApp-қа хабарламаны және (немесе) SMS-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.
- 2.14. МҚҰ оң шешім қабылдаған жағдайда Микрокредит беру Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде көзделген барлық тиісті ресімделген құжаттар ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.
- 2.15. Жеке тұлғамен микрокредит беру туралы шарт жасасқанға дейін МҚҰ микрокредит алу үшін жүгіну тәсіліне қарамастан, жеке тұлғаны жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері немесе сыйақының мәні, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (микрокредиттің нақты құны), микрокредит бойынша артық төлем сомасы туралы хабардар етеді, сондай-ақ осы шарт бойынша Қарыз алушының кредиттік құжаттамасына қосылатын микроқаржы ұйымы жүзеге асырған іс-шаралардың тізбесін міндетті тіркеумен МҚҰ туралы Заңның 7-бабының 2-

тармағының 4) және 5) тармақшаларында қарастырылған іс-шараларды жүзеге асырады.

- 2.16. Өтініш беруші Шарт жасалғанға дейін Микрокредит арудан бас тартуға құқылы.
- 2.17. Қабылданбаған өтінімдер бойынша пакетке кіретін құжаттар МҚҰ-да Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде сақталады.

3. ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Өтініш беруші Микрокредит талаптарымен келіскен кезде МҚҰ Қарыз алушымен оған қоса берілген өтеу кестесімен және Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін өзге де шарттар мен құжаттармен Шарт жасасады.
- 3.2. Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптарды қоса алғанда, тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.
- 3.3. Шарт жасасу үшін Өтініш беруші МҚҰ-ға тізбесі осы Ережелерге №1 Қосымшада және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.
- 3.4. Микрокредиттер Қарыз алушы (Өтініш беруші) мен МҚҰ арасында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу талаптарымен Шарт жасасу арқылы беріледі: - Шарттың бір бөлігі – «Микрокредит беру туралы қосылу шарты» -МҚҰ ресми интернет-ресурсында электрондық түрде орналастырылған: <https://shinhanfinance.kz>, қол қоюға жатпайды, бірақ танысу және екі тараптың орындауы үшін міндетті болып табылады, - шарттың бөлігі – «Қосылу туралы өтініш» - МҚҰ-ның уәкілетті өкілі және Қарыз алушы қағаз түрінде қол қояды.
- 3.5. Қосылу туралы өтініш және микрокредит беру туралы қосылу Шарты бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады және Шарттың бірыңғай құжатын құрайды. МҚҰ-ның кез келген құжаттары мен шарттарында қолданылатын «Шарт» және «Микрокредит беру туралы шарт» ұғымдары микрокредит беру туралы қосылу Шартының және қосылу туралы Өтініштің мазмұнына тең дәрежеде жатады.
- 3.6. Өтініш беруші Микрокредит алғанға дейін Шартпен, сондай-ақ оған қоса берілген өтеу кестесімен танысуға тиіс.
- 3.7. Микрокредиттер қолма-қол ақшасыз тәртіпте – Қарыз алушының банктік шотына ақша аудару жолымен немесе Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы үшінші тұлғаға микрокредитті аудару жолымен беріледі.
- 3.8. МҚҰ Қарыз алушыларға микрокредиттер беру мақсатында агенттік шарттар мен үшінші тұлғалармен, серіктестермен, дилерлермен келісімдер жасасуға құқылы.

4. ШЕКТІ СОМАЛАР ЖӘНЕ МИКРОКРЕДИТТЕРДІ БЕРУ МЕРЗІМДЕРІ

- 4.1. МҚҰ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, осы Ережелерге және МҚҰ өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес республикалық бюджет туралы

заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20 000 (жиырма мың еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшерде Микрокредиттер береді.

- 4.2. Микрокредиттерді беру, сондай-ақ оларды өтеу Шартта МҚҰ мен Қарыз алушы арасында келісілген өтеу кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүзеге асырылады.
- 4.3. Микрокредиттердің мерзімдері МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес айқындалады және микрокредиттің (өнімнің) түріне байланысты болады.
- 4.4. МҚҰ микрокредиттер берудің келесі мерзімдерін белгіледі:
 - микрокредит берудің ең аз мерзімі 6 (алты) ай;
 - микрокредит берудің ең ұзақ мерзімі - 84 (сексен төрт) ай.

Қолданыстағы микрокредитті қайта құрылымдау кезінде МҚҰ уәкілетті органының немесе МҚҰ уәкілетті тұлғасының шешімі бойынша мерзім ұзартылуы мүмкін.

5. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ

- 5.1. Сыйақы мөлшерлемелері әрбір Қарыз алушы үшін оның санатына, Микрокредит түріне, Микрокредит сомасы мен мерзіміне, табысты растау тәсіліне, қамтамасыз ету түріне және өзге де параметрлерге қарай жеке белгіленеді.
- 5.2. Ұсынылатын Микрокредиттер бойынша МҚҰ сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары:
 - ең төменгі жылдық Сыйақы мөлшерлемесі– 0,1%;
 - ең жоғары жылдық тиімді Сыйақы мөлшерлемесі– 46 %.
- 5.3. Бұрын берілген Микрокредиттер бойынша Сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту Шарттың талаптарына сәйкес немесе МҚҰ мен Қарыз алушы арасындағы келісім бойынша Микрокредитті өзгерту немесе қайта құрылымдау жолымен ғана жүргізілуі мүмкін.

6. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МИКРОКРЕДИТТЕРДІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

- 6.1. Берілген Микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз алушы микрокредит беру туралы Шартта белгіленген мөлшерде және мерзімдерде МҚҰ сыйақысын төлейді.
- 6.2. Қарыз алушының Микрокредитті пайдаланғаны үшін Сыйақы төлеуін Қарыз алушы Микрокредит беру туралы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Төлемдер кестесіне сәйкес негізгі борыш сомасымен бірге ай сайын кассаға қолма-қол ақша енгізу және/немесе МҚҰ есеп айырысу шотына аудару жолымен жүзеге асырады.
- 6.3. Микрокредит бойынша Сыйақы Микрокредитті пайдаланудың нақты күндерінің санына қарай есептеледі және 360 (үш жүз алпыс) күнге тең күнтізбелік жыл және 30 (отыз) күнге тең күнтізбелік ай негізінде есептеледі.
- 6.4. Берілген Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі Микрокредит беру мерзіміне қарамастан, бір жылға қайта есептеліп көрсетіледі.

- 6.5. Микрокредит Қарыз алушы таңдаған келесі өтеу әдістерінің бірімен өтеу кестесінде белгіленген кезеңділікпен өтеледі:
- 1) сараланған төлемдер әдісімен;
 - 2) аннуитеттік төлемдер әдісімен;
 - 3) Микрокредитті қайта құрылымдау кезінде жеңілдікті кезеңі бар Микрокредит беру кезінде МҚҰ қолданатын өзге әдіспен, яғни Микрокредит бойынша ай сайынғы төлем мөлшері Қарыз алушының қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып айқындалатын әдіс арқылы жүзеге асырылады.
- 6.6. Жеке тұлғамен жасалған Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін келесі кезектілікпен өтейді:
- 1) Негізгі борыш бойынша берешек;
 - 2) Сыйақы бойынша берешек;
 - 3) Шартта айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
 - 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін Негізгі борыш сомасы;
 - 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;
 - 6) орындауды алу бойынша МҚҰ шығындары.
- 6.7. Егер заңды тұлғамен жасалған Шарт бойынша Қарыз алушының өтеу кестесі бойынша мерзімі өткен болса, онда берешек келесі кезекпен өтеледі:
- 1) мемлекеттік баждың және берешекті қайтару бойынша басқа да шығындардың сомасы;
 - 2) өсімпұл сомасы;
 - 3) Микрокредит бойынша есептелген сыйақы сомасы;
 - 4) негізгі борыш сомасы.
- 6.8. Мерзімі өткен төлем жағдайында Қарыз алушыға берешекті өтеу күніне дейін немесе МҚҰ сотқа талап арыз немесе нотариустың борышты өндіріп алу туралы атқарушылық жазбасын жасауға өтініш берген күнге дейін (қоса алғанда), бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен (қоса алғанда) аспайтын өсімпұл есептеледі.
- 6.9. Мерзімі өткен күннен бастап қатарынан 90 (тоқсан) күнтізбелік күн өткен соң тұрақсыздық айыбын есептеу тоқтатылады.
- Микрокредит мүлікті кепілмен қамтамасыз етілген жағдайда, тұрақсыздық айыбын есептеу 180 (жүз сексен) күн өткеннен кейін тоқтатылады.

7. ҚАБЫЛДАНАТЫН ҚАМСЫЗДАНДЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 7.1. МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету түрінде:
- 1) жылжымайтын мүлік: тұрғын үй және коммерциялық мақсаттағы мүлік;
 - 2) жылжымалы мүлік: көлік құралдары және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттердегі ақша қаражаты,

азаматтық айналымнан алынған және Қазақстан Республикасының заңнамасында пайдалануға тыйым салынған объектілерді, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың кепілдіктерін қоспағанда, Қарыз алушының немесе үшінші тұлғалардың меншік құқығындағы, үшінші тұлғалардың заңды талаптарынан бос болып табылатын.

Кепіл нысаны МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Кепіл заты Қазақстан Республикасының аумағында болуға, Кепіл беруші Қазақстан Республикасының резиденті болуға тиіс.

7.2. Кепілге берілетін мүлікке құқық белгілейтін және құқықты куәландыратын құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте тиісті түрде ресімделуге тиіс.

7.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуге жататын мүліктің кепілі осы мүлікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуге тиіс.

7.4. Қамтамасыз ету нысанын (нысандарын) сақтандыру қажеттілігі туралы шешімді, егер Қазақстан Республикасы заңнамасының және тиісті өнімнің талаптарында өзгеше белгіленбесе, МҚҰ уәкілетті органы немесе МҚҰ уәкілетті тұлғасы қабылдайды.

Қамтамасыз ету нысанын (нысандарын) сақтандырудың міндетті талабы сақтандыру шартында пайда алушы – кредиторды, яғни МҚҰ көрсету болып табылады.

7.5. Әлеуетті Кепілгерге қатысты МҚҰ Кепілгер ретінде тарту туралы мәселені қарау үшін оның қаржылық және мүліктік жай-күйіне мұқият кешенді талдау жүргізеді. Кепілгердің қаржылық және мүліктік жай-күйі Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді толығымен жабуға тиіс.

8. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

8.1. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі Шартта немесе Клиентпен жасалатын Шартқа қосымша келісімдерде цифрлық түрде көрсетіледі.

8.2. МҚҰ жылдық тиімді Сыйақы мөлшерлемесін есептейді:

- 1) Шарт, Шартқа қосымша келісімдер жасалған күнге;
- 2) Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;
- 3) Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

8.3. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын Микрокредит беру туралы Шарттың талаптарын өзгерткен кезде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу Микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі басталған сәттен бастап қарыз алушы жүргізген Микрокредит бойынша төлемдерді ескермей, содан бастап талаптар өзгертілетін күнге Микрокредитті өтеудің қалған мерзімін, берешек қалдығын ескерумен жүргізіледі.

- 8.4. Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру кезінде осы Ережелердің 8.2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда жылдық тиімді Сыйақы мөлшерлемесін есептеу Шарт бойынша құқықтары (талаптары) берілген үшінші тұлға жүргізеді.
- 8.5. Ұсынылатын Микрокредиттер бойынша Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі уәкілетті орган келесі формула бойынша бекіткен ұсынылатын микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу Ережелерінің талаптарына сәйкес есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұндағы:

- n - Қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;
 - j - Қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;
 - S_j - Қарыз алушыға j-ші төлемнің сомасы;
 - APR - жылдық тиімді Сыйақы мөлшерлемесі;
 - t_j - Микрокредит берілген күннен бастап қарыз Алушыға j-ші төлем жасалған сәтке дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);
 - m - Қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;
 - i - Қарыз алушының төлемінің реттік нөмірі;
 - P_i - Қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;
 - t_i - Микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).
- 8.6. Егер жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның бір ондық таңбадан астамы болса, ол келесі түрде оннан бір бөлігіне дейін дөңгелектенуге тиіс:
- 1) егер жүзден бір бөлігі 5-тен үлкен немесе оған тең болса, оннан бір бөлігі 1-ге көбейсе, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады;
 - 2) егер жүзден бір бөлігі 5-тен аз болса, оннан бір бөлігі өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады.
- 8.7. Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебіне Қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша Шарттың талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерді (өсімпұлды, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.
- 8.8. Шарттар бойынша, Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, оның ішінде Қарыз алушының өтініші бойынша жылдық тиімді Сыйақы мөлшерлемесінің мәні Шарттың талаптары өзгертін күнге Шартқа қосымша келісімде және төлемдер кестесінде көрсетіледі.
- 8.9. МҚҰ Қарыз алушылардың жүргізген төлемдері және Қарыз алушыларға МҚҰ төлемдері олардың нақты төленген күндеріне жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу мақсатында, болашақ – төлемдер кестесі бойынша ескеріледі.

9. МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ЖОСПАРДАН ТЫС ТӨЛЕМДЕРДІ САЛУ ТӘРТІБІ

9.1. Микрокредитті өтеу шеңберінде рұқсат етіледі:

- 1) толық мерзімінен бұрын өтеу;
- 2) ішінара мерзімінен бұрын өтеу.

9.2. Қарыз алушы берешекті толық мерзімінен бұрын өтеу есебіне енгізген ақша қаражаты жеткілікті болған жағдайда, МҚҰ шартты жабуды жүзеге асырады.

9.3. Жоспардан тыс төлемдерді ішінара мерзімінен бұрын өтеу есебіне енгізу үшін Қарыз алушы МҚҰ-ға белгілі бір мерзімде Микрокредит бойынша берешекті ішінара мерзімінен бұрын өтеу есебіне белгілі бір соманы енгізу ниеті туралы өтініш береді. МҚҰ уәкілетті органының немесе МҚҰ уәкілетті тұлғасының ішінара мерзімінен бұрын өтеу жөніндегі шешімінің болуы талап етілмейді.

9.4. Берешекті мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда Қарыз алушының таңдауы бойынша келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

- 1) өтеу кестесі қайта қаралады: төлем сомасын сақтай отырып, микрокредиттің мерзімі қысқарады немесе төлем сомасын азайту жағына қарай қайта есептеу кезінде микрокредиттің мерзімі сақталады;
- 2) МҚҰ жаңа талаптарды ескере отырып, Микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және Қарыз алушыға береді.

Өтеу кестесін қайта қарау шарттарын және жаңа өтеу кестесін алу тәсілін Қарыз алушы МҚҰ нысаны бойынша Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеуге арналған өтініште көрсетеді.

10. ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРҒА/ ҚОСАЛҚЫ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРҒА/ КЕПІЛГЕРЛЕРГЕ/ КЕПІЛ БЕРУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

10.1. МҚҰ Қарыз алушылары / Қосалқы қарыз алушылары / Кепіл берушілері / Кепілгерлері келесі талаптарға сәйкес келетін өтініш берушілер болуы мүмкін:

- 1) жеке / заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері;
- 2) жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері;
- 3) жеке кәсіпкерлер – Қазақстан Республикасының резиденттері;
- 4) жеке тұлғалар үшін – микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған кезде 21 (жиырма бір) жастан бастап зейнеткерлік жасқа дейінгі жас;
- 5) үздіксіз жұмыс өтілі/қызметті жүзеге асыру кезеңі – МҚҰ-ға микрокредит алуға өтініш бергенге дейін кемінде 6 (алты) ай;
- 6) Өтініш берушінің, болған жағдайда, оң не қанағаттанарлық кредиттік тарихы болуға тиіс.
- 7) заңды тұлғаның Өтініш берушісі үшін микрокредит алуға МҚҰ-ға өтініш бергенге дейін кемінде 6 (алты) ай жұмыс істеп тұрған бизнестің болуы (үзіліссіз).

11. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУДЕН БАС ТARTУ ҮШІН НЕГІЗДЕМЕЛЕР

11.1. МҚҰ келесі жағдайларда, бірақ шектелмей, Микрокредит беруден бас тартуға құқылы:

- 1) Өтініш беруші осы Ережелерде белгіленген Микрокредит беру шарттарына сәйкес келмесе;
- 2) Өтініш беруші ұсынған ақпарат дұрыс болып табылмайды немесе Микрокредит алуға арналған өтінішті қарау үшін толық емес/жеткіліксіз болып табылады;
- 3) бұрын берілген Микрокредит үшін МҚҰ алдында өтелмеген / мерзімі өткен берешектің болуы;
- 4) Өтініш берушінің үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы ақпараттың болуы;
- 5) Өтініш беруші туралы теріс ақпараттың болуы, оның негізінде МҚҰ Микрокредит мерзімінде қайтарылмайды деп сенуі мүмкін немесе ақпарат МҚҰ үшін өзге де тәуекелдер туралы куәландырады;
- 6) МҚҰ Өтініш берушіге, Қазақстан Республикасының азаматына «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте соттан тыс банкроттық рәсімінің немесе сот банкроттығы рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап Микрокредиттер беруге, сондай-ақ осындай адамдардан бес жыл ішінде Шарттар бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түрінде қамсыздандыруды қабылдауға құқылы емес;
- 7) Өтініш берушінің кредиттік есебінде Микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу туралы ақпарат болған кезде МҚҰ Микрокредиттер беруге құқылы емес;
- 8) МҚҰ Өтініш берушіге, жұбайының (зайыбының) келісімінсіз жеке тұлғаға Микрокредиттер беруге құқылы емес, оны алу тәртібі және келісім қажет болатын микрокредиттің ең аз мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.
- 9) МҚҰ ҚР КЖІҚ/ТҚ туралы Заңында және (немесе) МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, іскерлік қатынастар орнатудан және (немесе) Микрокредит беруден Өтініш берушіге бас тартуға міндетті:
 - Өтініш берушіні (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру жөніндегі шараларды МҚҰ жүзеге асырудың мүмкінсіздігі;
 - Өтініш берушінің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және өзге де тыйым салынған тізбелерде болуы;
 - Өтініш берушінің МҚҰ-ға құжаттарды, мәліметтерді, ақпаратты ұсынудан бас тартуы/немесе уақытында ұсынбауы және (немесе) дәйексіз, жарамсыз құжаттарды ұсынуы және (немесе) Өтініш беруші ұсынған құжаттарда жасандылық белгілері бар, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келмейтін нысан мен түрі бойынша құжаттарды бекіту/ұсыну;
 - іскерлік қатынастарды Өтініш беруші қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдіктің болуы.

12. МИКРОКРЕДИТТІ БЕРУ ҚҰПИЯСЫ

- 12.1. Микрокредитті беру құпиясы Қарыз алушылар туралы, микрокредиттердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге де талаптары туралы және МҚҰ операциялары туралы мәліметтерді қамтиды (микрокредиттер беру Ережелерін қоспағанда).
- 12.2. МҚҰ микрокредиттер беру құпиясына кепілдік береді.
- 12.3. Шағын несиені беру құпиясын Қарыз алушыға, үшінші тұлғаға Қарыз алушының жазбаша нысанда берген келісімі негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген микрокредиттер бойынша ақпарат объектілері, кредиттік бюролар арқылы ғана ашылуы мүмкін. , сондай-ақ осы Ереженің 12.4., 12.5., 12.6.-тармақтарда көрсетілген тұлғаларға да..
- 12.4. Қарыз алушылар туралы, Микрокредиттердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты Шарттың өзге де талаптары туралы, МҚҰ жүргізетін операциялар туралы мәліметтер беріледі:
- 1) қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға: олардың іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша мөрмен куәландырылған және прокурор санкциялаған жазбаша сұрау салу негізінде;
 - 2) барлау және (немесе) нұқсан келтіру акциялардың алдын алу, ашу және жолын кесу үшін қажетті ақпаратты беру туралы олардың талабы бойынша прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары мен Мемлекеттік күзет қызметіне;
 - 3) «Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген тізілімнен үзінді көшірмені қоса бере отырып, бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қойған жазбаша сұрау салу бойынша активтерді қайтару бойынша уәкілетті органға;
 - 4) соттарға: анықтама, қаулы, шешім және сот үкімі негізінде олардың іс жүргізуіндегі істер бойынша;
 - 5) мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: әділет органдарының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен куәландырылған сот орындаушысының прокурор санкциялаған қаулысының негізінде олардың өндірісіндегі атқарушылық іс жүргізу істері бойынша;
 - 6) прокурорға: өз құзыреті шегінде оның қарауындағы материал бойынша тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;
 - 7) мемлекеттік кіріс органдарына тек қана салықтық әкімшілендіру мақсатында: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша нұсқама негізінде;
 - 8) Қарыз алушының өкілдеріне: сенімхат негізінде, жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушы бойынша нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде;
 - 9) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға: соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар адамға қатысты банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс прокурордың санкциясымен қозғалғанға дейінгі 5 (бес) жыл кезең ішінде;
 - 10) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін және банкроттығын қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға: «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және

банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді қолдану туралы өтініш берген азаматқа қатысты сұрау салу негізінде осындай сұрау салу берілгенге дейінгі 3 (үш) жыл кезең ішінде;

- 11) қаржы басқарушысына: прокурордың санкциясымен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот банкроттығын қолдану рәсімін қолдану туралы іс қозғалған азаматқа қатысты сұрау салу негізінде. Өкілеттіктерді растау мақсатында сұрау салуға рәсімді қолдану туралы іс қозғау туралы соттың ұйғарымы қоса беріледі.
- 12.5. Осы Ережелердің 12.4-тармағында көзделген тұлғалардан басқа, Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда Қарыз алушы туралы, Микрокредит мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты шарттың өзге де талаптары туралы мәліметтер жазбаша сұрау салу негізінде де беріледі:
 - 1) Қарыз алушы өсиетте көрсеткен адамдарға;
 - 2) нотариустарға: нотариустың сұрау салуы негізінде олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша;
 - 3) шетелдік консулдық мекемелерге: олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша.
- 12.6. Микрокредит беру құпиясы микроқаржы омбудсманына өзінің қарауында жатқан, қарыз алушы - жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы, оның ішінде құқықтар (талаптар) осы Заңның 9-1-бабының 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаға берілген шарттан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі жолданымдары бойынша ашылуы мүмкін.
- 12.7. Микрокредит беру құпиясын ашу болып табылмайды:
 - 1) МҚҰ-ға кредиттік бюроларға теріс ақпарат беру және кредиттік бюроларға мерзімі өткен берешек бөлігінде кредиттік тарих субъектісі туралы 180 (жүз сексен) күнтізбелік күннен астам теріс ақпарат беру;
 - 2) МҚҚ туралы ҚР Заңының 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың Шарт бойынша (Микрокредитке берілген) ақпаратты МҚҚ туралы ҚР Заңының 9-1-бабы 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаларға Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру (қайта беру) кезінде беруі;
 - 3) МҚҚ туралы ҚР Заңының 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалардың Микрокредит бойынша ақпаратты мәні сотқа дейінгі өндіріп алу және берешекті реттеу, сонымен қатар Қарыз алушының берешегіне байланысты ақпаратты жинау бойынша қызметтерді көрсету болып табылатын, МҚҚ туралы ҚР Заңының 9-1 бабына сәйкес сенімгерлік басқару шарты шеңберінде осы коллекторлық агенттікпен және сервистік компаниямен жасалған шарттың шеңберінде коллекторлық агенттікке беруі;
 - 4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті орган арасында ақпарат, оның ішінде микрокредит беру құпиясын құрайтын мәліметтер алмасу;
 - 5) мемлекеттік органның лауазымды тұлғаның немесе МҚҰ-да басқару функцияларын орындайтын тұлғаның қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама жіберген кезде растайтын құжаттар мен материалдар ретінде Микрокредит беру құпиясын қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы;
 - 6) Микрокредит беру құпиясын құрайтын алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша мәліметтерді алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы, микроқаржы ұйымдары, өзге де қаржы ұйымдары, төлем

ұйымдары, ұялы байланыс операторлары, қылмыстық қудалау органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, уәкілетті орган арасында алмасуды қамтиды.

13. ҚАРЫЗГЕРЛЕРДІҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАСТЫРУ ТӘРТІБІ

- 13.1. Өтініш берушілердің (Қарыз алушылардың) өтініштері Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде тіркелуге, қарауға және кері байланыс беруге жатады, бірақ 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 13.2. МҚҰ анонимді өтініштерге кері байланыс бермейді.
- 13.3. Өтініш берушілердің (Қарыз алушылардың) өтініштерін МҚҰ қабылдайды:
 - 1) ауызша, байланыс орталығының +7 727 355 25 50 телефоны бойынша немесе Өтініш беруші/Қарыз алушы МҚҰ-ға тікелей барған кезде;
 - 2) МҚҰ қолма-қол, пошта, курьерлік ұйымдармен жеткізілген, электрондық пошта арқылы all_shf@shinhanfinance.kz мекенжайына жазбаша түрде;
 - 3) электрондық – чат-ботқа + 7 700 355 75 50 нөмірі бойынша электрондық хабарлама.

14. ТӨЛЕМГЕ ҚАБІЛЕТСІЗ ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА ҚАТЫСТЫ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМГЕ ҚАБІЛЕТСІЗ ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР

- 14.1. МҚҰ қарыз алушы шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындағаны және төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы Қарыз алушыға хабарламадан туындайтын талапты қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Шарт бойынша Қарыз алушы-жеке тұлға МҚҰ туралы ҚР Заңының 9-2 баптың 2 тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не Қарыз алушы жеке тұлға мен МҚҰ арасында Шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда, МҚҰ құқылы:
 - 1) берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге құқылы;
 - 2) тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) қарыз алушыда:
 - жеке тұлғаның жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит беру туралы шарты бойынша - қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күннен асатын;
 - жеке тұлғаның микрокредит беру туралы өзге де шарттары бойынша - қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен асатын ақшалай міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу болған кезде осы Заңның 9-1-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып беруге құқылы.

Осы тармақшаның ережелері қарыз алушы - Қазақстан Республикасының азаматына қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдері қолданылған жағдайларға қолданылмайды.

- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) микрокредит беру туралы шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде сотқа микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінуге, сондай-ақ кепілге қойылған мүлікке соттан тыс тәртіппен («Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда) не сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға.
 - 4) сотқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушы - дара кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы талап қоюмен жүгінуге құқылы.
- 14.2. Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Шартта көзделген өзге де шараларды қабылдауға құқылы.

15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 15.1. Осы Ережеге толықтырулар мен өзгерістерді МҚҰ қажеттілігіне қарай бір тарапты тәртіпте енгізеді.
- 15.2. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешілуге жатады.
- 15.3. Егер осы Ережелердің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келген жағдайда, онда деректер өзінің заңдық күшін жоғалтады және тиісінше Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тиісті нормалары қолданылады. Осы Ережелердің жекелеген ережелерінің жарамсыздығы Ережелердің тұтастай басқа ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

**«Шинхан Финанс» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
микрокредиттерді беру Ережелеріне
№1 Қосымша**

Микрокредит алу үшін Өтініш беруші-жеке тұлға ұсынады:

- 1) Микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтері бар сауалнама-өтініш – мақсатты Микрокредитті берген жағдайда, Микрокредитті өтеу және Сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді өтініш берушінің орындауын қамтамасыз етуге ұсынылған мүлік туралы, оның құнын көрсетумен немесе қамсыздандыру болмаған жағдайда – МҚҰ нысаны бойынша;
- 2) Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім – МҚҰ нысаны бойынша;
- 3) Кредиттік бюролардан/кредиттік бюроларға ақпарат беруге/алуға келісім – МҚҰ нысаны бойынша;
- 4) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұбайының (зайыбының) микрокредит беруге келісімі;
- 5) Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат: тегі, аты және болған кезде әкесінің аты, резиденттер және жеке сәйкестендіру нөмірі бар бейрезиденттер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні, құжаттың нөмірі, берген орган, берілген күні және құжаттың қолданылу мерзімі көрсетілген Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы ақпарат (Бұндай құжаттардың қағаз көшірмесін МҚҰ-да сақтауға жол берілмейді);
- 6) Өтініш беруші өкілінің Шартқа қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттар (Өтініш берушінің өкілі үшін);
- 7) Егер берілетін Микрокредит мүлік кепілімен қамтамасыз етілген жағдайда – кепіл туралы шарт, тіркеуге жататын мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері, ал мүлік кепілі міндетті түрде тіркелген жағдайларда – мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік;
- 8) қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар мен ақпарат (кредиттік серіктестікте және ломбардта микрокредит алу кезінде талап етілмейді);
- 9) тізбесі осы Ережелерде, МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының ережелерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарында көзделген МҚҰ сұратқан өзге де құжаттар.

Микрокредит алу үшін Өтініш беруші-заңды тұлға ұсынады:

- 1) Микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтері бар сауалнама-өтініш – мақсатты Микрокредитті берген жағдайда, Микрокредитті өтеу және Сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді өтініш берушінің орындауын қамтамасыз етуге ұсынылған мүлік туралы, оның құнын көрсетумен немесе қамсыздандыру болмаған жағдайда – МҚҰ нысаны бойынша;
- 2) Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім – МҚҰ нысаны бойынша;
- 3) Кредиттік бюролардан/кредиттік бюроларға ақпарат беруге/алуға келісім – МҚҰ нысаны бойынша;
- 4) Өтініш беруші органның Микрокредит алуға шешімі;
- 5) Өтініш берушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген, заңды тұлға өкілінің Шартқа қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттар – Өтініш берушінің өкілі үшін;

- 7) Егер берілетін Микрокредит мүлік кепілімен қамтамасыз етілсе, тіркеуге жататын мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері, ал мүлік кепілі міндетті түрде тіркелген жағдайларда - мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік;
- 8) тізбесі осы Ережелерде, МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының ережелерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарында көзделген МҚҰ сұратқан өзге де құжаттар.